

Аралық есеп № 2*
15-21 наурыз 2011 жыл

25 наурыз 2011 жыл

I. ҚЫСҚАША ШОЛУ

- Орталық Сайлау Комиссиясы (ОСК) алдағы сайлауға өзінің белсенді дайындықтарын жалғастыруда және бақылаушыларға және бұқаралық ақпарат құралдарына ашық отырыстарын жиі өткізуде. Барлық ОСК шешімдері қазақ және орыс тілдерінде ОСК вебсайтында кідірмей жариялануда.
- ОСК тікелей бағынышты төменгі сайлау комиссияларындағы саяси партиялардың өкілдерінің статустарын айқындады, алайда партиялар мен кандидаттар өкілдерін ОСК-ның өзіне тіркеуден бас тартты, бұған негіз ретінде Бас Прокуратураның заңды қорытындысын келтірді.
- Төменгі сайлау комиссияларына нұсқаулар беру жалғасуда. ОСК дауыс беру, дауыстарды санау және дауыстарды санау нәтижелерін анықтау рәсімдері бойынша нұсқаулықтар шығарды, алайда тиісті ресми ережелер және/немесе түсіндірмелер әлі де жоқ.
- ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ ұзақ мерзімді бақылаушылары (ҰМБ) елдің барлық аймақтарында сайлау күні сайлауға қатыса алмайтын көптеген сайлау комиссиясы мүшелері ауыстырылып жатқандығын баяндады. Ауыстыру процесінде анықтық жетіспейді және бұл айнымалы түрде жүзеге асырылуда. Сонымен бірге елдің барлық аймақтарынан ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ ҰМБ көптеген сайлау комиссияларының мүшелерінің *іс жүзіндегі* басым көпшілігі билеуші «Нұр Отан» партиясымен бірлескен екендігін баяндады.
- Сайлауалды үгіт шараларын жүргізуде «Нұр Отан» партиясы басым түсіп отыр, бұл партия сайлауалды үгіт шараларын қызметтегі Президенттің атынан жүргізеді. Қызметтегі Президенттің кандидат ретіндегі мен оның Президент ретіндегі қызметтері арасында айқын ажырату жасалып отырған жоқ. Қызметтегі Президенттің мемлекеттік және жеке ғимараттарға ілінген үгіт плакаттары мен билбордтары барлық негізгі елді мекендерде көп мөлшерде көзге түседі. Керісінше, басқа кандидаттардың үгіт шаралары көзге әрең түседі, бұл қаржы жетіспеушілігіне және ұйымдастыру мүмкіндіктерінің шектеулі екендігіне байланысты.
- Оппозициялық партиялар және олармен бірлескен азаматтық қоғам өкілдері сайлауға байкот жариялауға белсенді түрде үндеу тасауды немесе сайлау процесінен қалыс қалуды жалғастыруда. Олар сайлаушылардың сайлауға келуін осы сайлаудағы жалғыз белгісіз нәтиже деп санайды.
- Бұқаралық ақпарат құралдарын бастапқы бақылау нәтижелері бақыланған телерадио хабарларын тарату ұйымдары, негізінен, жаңалық бағдарламаларында кандидаттардың сайлауалды үгіт шараларын хабарлауда теңдікті қамтамасыз ететіндігін көрсетіп отыр.

* Осы аралық есеп ағылшын және орыс тілдерінде қол жетерлік. Бұл құжаттың ағылшын тіліндегі версиясы ғана ресми версиясы болып табылады.

Алайда, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ қызметтегі Президенттің оның Президент ретіндегі қызметі туралы қосымша хабарлар берілуін, сонымен бірге Қазақстанның 20 жылдық тәуелсіздігінің жетістіктерін көрсететін хабарлардың елеулі санын байқады. Сайлауалды үгіт шараларын бұқаралық ақпарат құралдарында жаңалық бағдарламаларынан тыс хабарлау бойынша ОСК нұсқаулары бұқаралық ақпарат құралдарын сайлаушыларды оларға толық хабардар болып таңдау жасауға мүмкіндік беретін сайлауға қатысты ақпаратпен қамтамасыз етуге *іс жүзінде* кедергі болып отыр. Тәуелсіз және сыншыл көзқарастарын жариялайтын ақпараттық агенттіктер, сондай-ақ газеттер және Интернет сайттар үздіксіз қиындықтарға тап болуда.

- Сайлауға қатысушылар, жалпы алғанда, шағымдар мен апелляцияларды қарастыру процесін жеткілікті түсінбейді және құзыретті органдардың шағымдарды қарастыру процесі туралы түсініктерінде қарама-қайшылықтар бар. Оппозициялық партиялар және азаматтық қоғам ұйымдары, негізінен, құзыретті органдардың сайлауға қатысты шағымдарды тәуелсіз түрде және әділ қарау мүмкіндіктеріне сенімсіз.
- ОСК-на осы есеп беру мерзімі ішінде алты шағым түсті, олардың ешқайсысын ОСК орган ретінде қараған жоқ. Шағымдарға берілген жауаптар ОСК вебсайтында жарияланған жоқ, себебі ОСК шағымдар бойынша алқалық отырысында шешім қабылдаған жоқ, осылайша шағымды қарастырудағы ашықтықты азайтты.

II. САЙЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Осы есеп беру мерзімі ішінде ОСК өзінің алдағы сайлауға белсенді түрде дайындық жүргізуін жалғастырды. Ол жиі отырыстарын жасауды жалғастырды, олар әрдайым бақылаушылар мен бұқаралық ақпарат құралдарына ашық болды. Барлық ОСК ресми шешімдері ОСК вебсайтында кідірмей қазақ және орыс тілдерінде жариялануда. Мемлекеттік баспахана 9 191 977 сайлау бюллетендерін басып шығаруды аяқтады, бұл тіркелген сайлаушылардың жалпы санына тең және оған қоса саны жалпы санының 1 пайызын құрайтын сайлау бюллетендері қор ретінде басылды.

ОСК осы сайлауда «Сайлау» Мемлекеттік автоматтандырылған жүйесін қолданудан толығымен бас тартуға шешім қабылдады және ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-на 2005 және 2007 жылдардағыдай емес, сайлау учаскелері деңгейіндегі нәтижелер мен протоколдар ОСК вебсайтында жарияланбайтынын мәлімдеді. Бұл сайлау процесінің негізгі бөлігінің ашықтығын азайтуы мүмкін.

ОСК тікелей бағынышты төменгі сайлау комиссиялары үшін дауыс беру, дауыстарды санау және санау нәтижелерін анықтау рәсімдері бойынша нұсқаулықтар шығарды, алайда тиісті ресми ережелер және/немесе түсіндірмелер әлі де жоқ.¹ Территориялық Сайлау комиссиялары (ТСК) Аудандық және қалалық сайлау комиссияларына (АСК) және Учаскелік сайлау комиссияларына (УСК), сонымен бірге жаңадан тағайындалған мүшелерге нұсқау беруді жалғастыруда. ОСК өзінің сайлаушыларды хабардар ету бойынша айқын көзге түсетін шараларын жалғастырып, тұрғындарды дауыс беруге ынталандыруда.

¹ УСК-на арналған нұсқаулықтардың орыс тіліндегі нұсқасында бақылаушылар мен сенімді тұлғалар дауыс беру нәтижелері протоколдарының көшірмелерін алуға құқылы екендігі туралы ереже келтірілмеген (бұл қазақ тіліндегі нұсқада келтірілген). ОСК бұл техникалық қателерден болғандығын түсіндірді және барлық комиссиялар заңдағы осы ереже туралы тиісті түрде хабардар етіледі деп сендірді.

ОСК төменгі сайлау комиссияларындағы саяси партиялардың өкілдерінің статустарын айқындады, оларға барлық құжаттарға және басқа дерек көздеріне шешуші дауыс құқығы бар комиссия мүшелерімен бірдей қол жеткізуді қамтамасыз етті. Алайда, ОСК партиялар мен кандидаттар өкілдерін ОСК-ның өзіне тіркеуден бас тартты, оның негізі ретінде Бас прокуратураның заңды қорытындысын келтірді.²

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ ҰМБ елдің барлық аймақтарында көптеген сайлау комиссияларының мүшелері, көбіне олардың сайлау күні қатыса алмайтындығын мәлімдегеннен кейін (негізінен отбасы жағдайларымен), ауыстырылып жатқандығын баяндады. Ауыстыру процесінде ауыстыратын комиссия мүшелерін тағайындауға жауапты органдарға, осындай мүшелерді тағайындау ережелеріне және олардың комиссия мүшелері ретінде мерзімдеріне қатысты анықтық және ашықтық жетіспейді. Сонымен бірге ауыстырулар айнымалы түрде жүзеге асырылуда – көптеген аймақтарды жаңа комиссия мүшелерін жоғары тұрған сайлау комиссиялары тағайындауда, кейбір аймақтарда осындай шешімдерді жергілікті өзін өзі басқару органдары (Мәслихаттар) немесе сәйкес жоғары тұрған комиссия қабылдауда.³ Кейбір саяси партиялар, солардың ішінде «Азат» және Қазақстан Коммунистік партиясы сайлау комиссияларының құрамында⁴ өз өкілдерінің өте аздығы және билеуші «Нұр Отан» партиясымен⁵ бірлескен комиссия мүшелерінің аса көптігі туралы алаңдаушылық танытты, бұл сайлау комиссияларының әділдігіне сенімсіздік туғызады. ОСК ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-на оппозициялық партиялар ұсынған комиссия мүшелерінің шамамен 90 пайызы сайлау комиссияларына тағайындалғанын баяндады.

Үйлерді аралап ауқымды түрде тексеру өткізгеннен кейін жергілікті атқарушы органдар сайлаушылардың тізімдерін УСК-на тапсырды. УСК оларды сайлау учаскелерінде 2 сәуірге дейін жұртшылық назарына ұсынады. Сайлау учаскесінде тұратынын дәлелдей алатын сайлаушы сайлау күніне дейін және сол күні сәйкес УСК-на өзін тізімге қосуға немесе түзетулер жасауға өтініш жасай алады.

Сайлау туралы заң демалыс үйлеріндегі, ауруханалардағы немесе басқа медициналық мекемелердегі, шалғайдағы және қатынасу қиын мекендердегі, тергеу изоляторларындағы, шет мемлекеттердегі Қазақстан Республикасының өкілдіктеріндегі сайлаушылар арнайы құрылған сайлау учаскелерінде⁶ дауыс бере алатындығын қамтамасыз етеді. Бұл жағдайларда сайлаушылар тізімдері сайлау күнінің алдындағы күні бекітіледі, осы сайлаушыларды олардың тұрғылықты жеріндегі сайлаушылар тізімінен уақытша шығарып тастау механизмі жоқ.

² Өзінің 15 наурыздағы отырысында ОСК Жалпыұлттық Социал-Демократиялық Партияның өкілін ОСК-ның өзіне тіркеуден бас тартты. ОСК бұның алдында осы мәселені Бас Прокуратураға жолдаған болатын. Бас Прокуратура партиялардың ОСК деңгейінде өкілдері болуына құқығы жоқтығын мәлімдеген заңды қорытындысын шығарды.

³ ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ ҰМБ Астана қаласында ТСК, бұл АСК міндеті бола тұра, УСК мүшелерін ауыстырғанын баяндады.

⁴ ОСК мәліметтері бойынша «Азат», «Ақ жол», Коммунистік партия және Жалпыұлттық социал-демократиялық партия өкілдері бірге бүкіл елдегі барлық сайлау комиссиялары мүшелерінің тек 6 пайызын құрайды.

⁵ ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ ҰМБ Ақмола, Батыс, Шығыс және Оңтүстік Қазақстан, Алматы, Өскемен, Павлодар және Жамбыл облыстарындағы сайлау комиссияларында «Нұр Отан» партиясымен бірлескен комиссия мүшелердің басым екендігін баяндады.

⁶ Шет мемлекеттерде құрылған 35 сайлау учаскелерінде берілген дауыстардың санау нәтижелері Сыртқы Істер Министрлігі орналасқан Астана қаласы Есіл ауданы АСК-да анықталады.

Сайлау күні өздерінің тіркелген тұрғылықты жерлерінен алыста болатын сайлаушылар Сырттай дауыс беру куәлігін (СДК) алуға өтініш бере алады. СДК оларға тіркелген қаласынан, поселкесінен немесе ауылынан тыс жердегі кез келген сайлау учаскесінде дауыс беруге мүмкіндік береді. ОСК СДК-терді жасау, өңдеу және оларды есепке алу бойынша түсіндірме жазды. СДК-тердің жасалуы орталықтандырылмаған.

III. САЙЛАУАЛДЫ ҮГІТ ЖАҒДАЙЛАРЫ

Жалпы сайлау ахуалы оппозициялық партиялардың қатысуының жетіспеушілігімен сипатталады, бұл бәсекелестік жоқ жағдайға әкеледі. Президент лауазым үшін сайыс қызметтегі Президент пен басқа үш кандидат арасында өрістеп отыр. Соңғы үш кандидат, олардың өздері мойындағандай, қызметтегі Президенттің жеңгенін қалайды, алайда сайлауға қатысу арқылы нақты идеяларды алға бастыруды мақсат етеді. Оппозициялық партиялар және олармен бірлескен азаматтық қоғам өкілдері сайлауға байкот жариялауға белсенді түрде үндеу тасауды немесе сайлау процесінен қалыс қалуды жалғастыруда.

Партиялардың бірі («Ақ жол») ЕҚЫК/ДИАҚБ СБМ-на осы сайлауға қатысқаннан гөрі қуаты мен қаржысын келесі Парламенттік сайлауға сақтауды артық көретінін мәлімдеді. Көптеген оппозициялық партиялар және азаматтық қоғамдық ұйымдар, сайлаудың белгілі дерлік нәтижелерінің ішінде, сайлаушылардың келуі олар үшін ең қызықты көрсеткіш болатынын мәлімдеді. Олар сайлауды осы нақты тұрғыдан қадағалауға бақылаушылар жіберуге ниет етеді.

Президент Н. Назарбаевтың сайлауалды үгіт шараларын оның атынан жүргізіп жатқан «Нұр Отан» партиясы ел аймақтарында көп азаматтар қатысқан митингтер өткізуде. Президенттің сайлауалды үгіт шаралары тұрақтылық, даму және әл-ауқат тақырыбы айналасында шоғырландырылған және қызметтегі Президентті ұлтаралық ынтымақ кепілі ретінде көрсетеді. Қызметтегі Президенттің кандидат ретіндегі және оның Президент ретіндегі қызметтері арасында айқын ажырату жасалып отырған жоқ. Сайлауалды үгіт барысында халыққа ұсынылған ақпарат негізінен талқылауға немесе пікірталасқа түрткі болмайды. Жергілікті басқару органдары және жоғары мәртебелі тұлғалар көбіне осы шараларға қатысуда. Қызметтегі Президенттің мемлекеттік және жеке ғимараттарға ілінген үгіт плакаттары мен билбордтары барлық негізгі елді мекендерде көп мөлшерде көзге түседі. Осы есеп беру мерзімі ішінде Президент Оңтүстік Қазақстан және Ақтөбе облысына барып, азаматтармен Президент ретінде кездесулер өткізді.

Басқа кандидаттардың сайлауалды үгіт шаралары Алматы және Астана қалаларынан тыс жерлерде әрең көзге түседі, бұны қаржы жетіспеушілігімен және ұйымдастыру мүмкіндіктерінің шектеулі екендігімен түсіндіруге болады.⁷ Жамбыл Ахметбеков мырза Ақмола облысына барды, Тараз және Ақтөбе қалаларында митингтер өткізді, сонымен бірге оның Қазақстан Коммунистік Халық Партиясы (ҚКХП) үйлерді аралап сайлауалды үгіт шараларын жасауда. ҚКХП үгіт плакаттары ел аймақтарында ілінген және бірнеше сенімді тұлғалары партияның штабынан сайлауалды үгіт шараларына қаржы алды. ҚКХП өзінің мақсаты сайлауда жеңу емес, халықты партия туралы көбірек хабардар ету екенін мәлімдеді. Мәліс Елеусізов мырза ел аймақтарында ұстамды үгіт шараларын өткізуде. Жамбыл және

⁷ Мысалы Батыс Қазақстанда Ғани Қасымовтың Патриоттар партиясы партия штабынан ешқандай қаржы алмаған. Сайлауалды үгіт кеңсесіне ешқандай үгіт материалдары келмегендіктен, сенімді тұлға бағдарламаның көшірмелерін басуға өз қаржысынан төлеген. Сондай-ақ Павлодарда Патриоттар партиясы партия штабынан ешқандай қаржы алмаған және сенімді тұлға үгіт материалдарын осы аймаққа әкелу үшін Алматыға бармақ.

Оңтүстік Қазақстан облыстарының ауылдық жерлеріне барды және 19 наурызда Павлодар қаласында оның іс жүзінде Нұр Отан партиясының мүшесі болып табылатын сенімді тұлғасы митинг өткізді.⁸ Ғани Қасымов мырза және Мэлс Елеусізов мырза ОСК-на Алматы және Астана қалаларында билбордтар ілуде қиындықтарға тап болғандығы туралы шағым жасады. Кандидаттар сайлауалды үгіт шараларын Интернетте үгіт жасаумен ауыстырғысы келеді, алайда халықтың Интернет қолдану белсенділігі төмен.

Ресми ақпараттық агенттіктер тіркелмеген «Алға» партиясының мүшелерінің екі жерде партияның сайлауға байкот жариялауға шақырғандығымен келіспеуге байланысты партиядан жаппай шығу оқиғалары болғандығын хабарлады.⁹ «Алға» партиясы осындай жаппай партиядан шығу орын алғандығын жоққа шығарды және партияға қарсы жағымсыз мәлімдемелерді байкот жариялауға шақыруға қысым көрсетудің белгісі ретінде түсіндірді.¹⁰

«Кезектен тыс президенттік сайлауды бақылау бойынша Республикалық қоғамдық комиссия», ғалымдар мен зиялы қауымның қоғамдық бастамасы, кандидаттарды және олардың сенімді өкілдерін сайлаушылардың келуін көбейтуге бағытталған шараларды белсендірек өткізуге ынталандырды. Сонымен бірге ОСК-ның оппозициялық партиялардың өкілдерін сайлау комиссияларына енгізуіне және кандидаттардың ұсыну және тіркеу кезінде тап болған қиындықтарын, атап айтқанда ОСК тағайындаған Лингвистикалық комиссия міндетті Қазақ тілі сынағын ұйымдастыру жолын реттеу үшін, ОСК-ның Сайлау туралы заңды қайта шолуына ұсыныс жасады. Осы комиссия жергілікті атқарушы органдары сайлаушылардың көп мөлшерде келуін қамтамасыз етуге әкімшілік ресурстарын қолдану мүмкіндігін атап көрсетті.

IV. БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ

ОСК Сайлау туралы заңдағы бұқаралық ақпарат құралдарының сайлауалды үгіт шараларын хабарлауы туралы баптар бойынша Сайлау туралы заңдағы ережелерді толықтыратын түсіндірмесінің жазбаша нұсқасы жоқ. Бұл ашықтықты азайтады және белгісіздік қалдырады. Осы түсіндірме жаңалық бағдарламаларынан тыс хабарлар тарату үгіт/саяси жарнама деп саналатындығын және олардың ақысы кандидаттың қорынан төленуі керектігін қарастырады. Бұл кандидаттарға хабарлардың мазмұнына толық редакторлық бақылау жасауға мүмкіндік беретіндіктен, журналисттер өздерінің кандидатты сынау құқықтарын қолдана алмайды. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ жасаған БАҚ-ын бақылауда байқалғандай,¹¹ осы нұсқаулар БАҚ-ын жекелеген кандидаттарды және олардың платформаларын сынап немесе оларға шүбә келтіріп хабарлар беруге нәтижелі түрде жол бермеген болып көрінеді. Осының нәтижесінде қазіргі жағдай туралы бағдарламаларда, талқылау бағдарламалары, сұхбаттар және пікірталастар сияқты, сайлаушыларға әртүрлі көзқарастарды ұсынатын сайлауға қатысты хабарлар едәуір жетіспейді. ОСК нұсқаулықтары БАҚ-дағы қоғамды қызықтыратын мәселелер бойынша саяси пікірталасты шектеп отыр деуге негіз бар.¹²

⁸ Сенімді тұлғаның ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ ҰМБ-на мәлімдемесі бойынша.

⁹ Мәліметтер бойынша тіркелмеген «Алға» партиясынан Веселовка ауылында (Шығыс Қазақстан облысы) 15 наурызда 50 мүшесі шыққан және 17 наурызда Қармақшы ауданында (Қызылорда облысы) 40 мүшесі шыққан, онда олар «Алғаға қарсы Алға» баспасөз мәслихатын өткізген.

¹⁰ «Алға» партиясы Шығыс Қазақстанда тек екі мүшесінің шыққанын және Қызылордада партияға мүшелігінен шығатындығын жариялаған бір мүшесі бір жылдан аса уақыт бұрын партиядан шыққанын растады. Партияның штабына партиядан жаппай шығу туралы өтініштер түспеген.

¹¹ 3-20 наурыз мерзімі ішіндегі ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ БАҚ-ын бақылауы.

¹² 19 наурызда ОСК-на БАҚ-на қатысты мәселелер бойынша кеңес беретін ОСК тағайындаған БАҚ-на қатысты дау-дамайлар бойынша Қоғамдық Кеңес «Украински новини» газетінің барлық төрт кандидаттың манифесттерін жариялауын заңбұзушылық деп санады, бұған негіз ретінде әрбір БАҚ

Бақылау жасалған хабарлар таратушы ұйымдар осы уақытқа дейін негізінен кандидаттардың сайлауалды үгіт шаралары туралы, ОСК нұсқауларында көрсетілгендей, жаңалық бағдарламаларында тең түрде хабарлар берді. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ жасаған БАҚ-ын бақылаудың бастапқы нәтижелері бойынша «Қазақстан ТВ» және «Хабар» хабарлардың 28 және 16 пайызын, сәйкесінше, Президент Н. Назарбаевқа, ал Жамбыл Ахметбеков мырзаға 21 және 28 пайызын, Ғани Қасымов мырзаға 25 және 28 пайызын және Мэлс Елеусізов мырзаға 27 және 32 пайызын, сәйкесінше, арнаған. «7 арна», «31 арна» және КТК қызметтегі Президентке азырақ хабарлар арнаған (15, 7 және 4 пайыз, сәйкесінше), ал «Астана ТВ» өзінің кандидаттар туралы жаңалық хабарларының 44 пайызын Н.Назарбаев мырзаға арнаған. Бұл сандар тек кандидаттардың сайлауалды үгіт шараларына қатысты, бұған олардың ресми лауазымдары туралы хабарлар кірмейді. Алайда, кандидаттардың саяси партиялары туралы хабарлар беру мәліметтері аздап басқаша болып отыр.¹³

Осы уақытқа дейін сайлауалды үгіт кезеңінде ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ мынаны байқады: бақылау жасалған хабар таратушы ұйымдардың жаңалық бағдарламаларынан тыс, қызметтегі Президентке жалпы саны 84 минут қосымша хабарлар оған Президент ретінде арналған, атап айтқанда оның ел аймақтарына ресми сапарлары туралы хабарлар берілген.¹⁴ ОСК-ның кандидаттар туралы олардың институционалдық рөлінде берілген хабарлар сайлауалды үгіт хабарлары деп саналмауы тиіс және төленбеуі тиіс деген нұсқауы қиындықтар туғызады, өйткені бұл нұсқау қызметтегі Президенттің артықшылығын әділетсіз түрде күшейтеді. Оған қоса, бақылау жасалған телестанциялар Қазақстанның 20 жылдық тәуелсіздігінің жетістіктерін көрсететін және мемлекеттің 2020 жылға дейінгі бағдарламасын ұсынатын бірнеше түрлі хабарлар беріп, қызметтегі Президентті нәтижелі түрде алға тартты.¹⁵

Кандидаттардың ешқайсысы мемлекет қаржыландырған эфир уақытын әлі пайдаланған жоқ. Бақылау жасалған телестанциялардағы ақылы саяси жарнамалардың жалпы уақытының жартысынан көбі қызметтегі Президенттің үгіт шараларына сатылып алынған.

Баламалы және оппозициялық көзқарастар беретін ақпарат көздері ретінде қызмет ете алатын БАҚ ұйымдары үздіксіз қиындықтарға тап болуда. ЕҚЫҰ БАҚ бостандығы бойынша Өкілі өзінің «Қазақстандағы БАҚ бостандығы бойынша бірнеше жағымсыз оқиғалар туралы, соның ішінде бес тәуелсіз газеттерге жасалған салық инспекциялары туралы алаңдаушылығын» білдірді.¹⁶ Негізгі тәуелсіз газет болып саналатын «Республика» газеті баспаханалар өзіне қызмет көрсетуден бас тартқандықтан, газеттің буылған көшірмелерін

ұйымы осындай мақалалар үшін кім ақы төлегенін көрсетуі тиіс екенін және сәйкес кандидаттың жазбаша рұқсатын алуға міндетті екенін келтірді. Бас редактор жұртшылықты хабардар ету журналисттердің міндеті екенін және кандидаттардың ешқайсысына ерекше артықшылық жасалмағандығын мәлімдеді. Бұл іс Бас прокуратураға қайта қарауға жіберілді.

¹³ Мемлекеттік «Қазақстан ТВ» және «Хабар» арналары жаңалық хабарларының 54 пайызын және 30 пайызын, сәйкесінше, «Нұр Отан» партиясына арнаған, ал ҚКХП-на «Қазақстан ТВ» арнасында 46 пайызы және «Хабар» арнасында 38 пайызы арналған. Ғани Қасымовтың Қазақстан Патриоттар Партиясына арналған жалғыз хабар «Хабар» арнасында 32 пайыз болды. Мэлс Елеусізовтың «Табиғат» Экологиялық одағы туралы бақыланған телестанцияларда ешқандай хабарлар берілмеген.

¹⁴ Хабарлардың осындай түрі, әсіресе «Хабар» арнасында айқын берілді, қызметтегі Президенттің ақылы саяси роликтері сияқты ұқсас видеожазбаларды көрсетті және сарыны аса позитивті болды.

¹⁵ ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ БАҚ-ын бақылауы нәтижелері бойынша бақыланған телестанцияларда жалпы көлемі бір сағаттан асатын осындай жарнама берілді.

¹⁶ Қараңыз: ЕҚЫҰ БАҚ бостандығы бойынша Өкілі, Тұрақты Кеңеске мерзімдік есеп, 16 желтоқсан 2010ж. <http://www.osce.org/fom/74947>.

таратуға мәжбүр болған.¹⁷ Оған қоса, бір облыста «Республика» газетінің барлық көшірмелерін сатуға ұсынылар алдында жергілікті басқару органдары сатып алғандығы мәлімделді. Билік басындағыларды сынайтын бірнеше вебсайттарға, соның ішінде «Республика» газетінің сайтына, қазіргі уақытта Қазақстан аймағында кіруге мүмкіндік жоқ.

V. ШАҒЫМДАР ЖӘНЕ АПЕЛЛЯЦИЯЛАР

Сайлауға қатысушылар, жалпы алғанда, шағымдар мен апелляцияларды қарастыру процесін, атап айтқанда тағайындалған органдардың юрисдикциясына қатысты мәселелерді жеткілікті түсінбейді және құзыретті органдарда заңның осы мәселе бойынша үйлесімді және анық түсіндірмелері жоқ. Сайлау дай-дамайларын қарастыру процесіндегі заңды белгісіздіктер, 2009 жылы енгізілген маңызды өзгерістер, сонымен бірге құзыретті органдар арасындағы ақпарат таратудың және үйлесімдіктің жетіспеуі осы белгісіздік жағдайына үлес қосқан тәрізді. Заңда кез келген деңгейдегі сайлау нәтижелеріне қарсы шағымдар беру бойынша анық рәсімдер көрсетілмеген және Жоғарғы Соттың соңғы нәтижелер туралы дау-дамайлардағы бірінші немесе соңғы сот инстанциясы ретіндегі рөлі барлық сайлауға қатысушыларға бірдей түсінікті емес тәрізді.¹⁸ Сонымен бірге заңда кез келген деңгейде нәтижелерді заңсыз деп танудың анық және объективті негіздері жоқ.

Бас прокуратура осы уақытқа дейін Сайлау туралы заңды түсіндіру туралы өтініштер қабылдап, сайлау процесінде белсенді рөл атқарды. Бұл мәселелерді сайлау комиссиялары және соттар ашық түрде қарастыра еді.

Осы есеп беру мерзімі ішінде ОСК-на алты шағым түсті. ОСК оларды бейресми және алқалы кеңесусіз қарауын жалғастыруда, бұл заңға қайшы¹⁹, сонымен бірге мүдделі тараптардың қатысуынсыз қарауда. ОСК-ның Азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің шағымдарын қарау бойынша жұмыс тобы тәжірибеде тек шағымдар туралы мәлімет беретін механизм ретінде жұмыс істейді, яғни осы топ мүшелеріне ОСК төрағасы орынбасары түскен шағымдар туралы және оларға берілген жауаптар туралы мәлімдейді. Шағымдарды ОСК төрағасы орынбасары өзі қарайтындай көрінгенмен, шағымдар қарау рәсімі ашық емес. ОСК орган ретінде осы уақытқа дейін ешқандай жеке шағымды қараған жоқ немесе квази-соттық орган ретіндегі өз мандатын қолданды. 1999 жылғы ОСК Азаматтардың шағымдарын қарау рәсімдері туралы ережелерінде шағымдарды қараудың толық стандартты рәсімі белгіленбегендігі және ОСК-ның вебсайтында көрсетілмегендігі анық.

Мысалы ОСК-на жазылған соңғы шағымдар жергілікті атқарушы органдардың УСҚ жұмысына араласуын және сайлауалды үгіт шараларына кедергі жасауын мәлімдейді. Жалпыұлттық социал-демократиялық партия 10 УСҚ-нің құрылуы мен қызметіндегі қателер туралы өз шағымын қабылдаудан бас тартқан ОСК шешіміне қарсы апелляциялық шағымын сотқа жазып, осы мәселені ОСК бір жақты қарастырғандығын мәлімдеді.²⁰ Заң барлық ОСК

¹⁷ Алматы қаласындағы баспаханалар 2009 жылдан бері «Республика» газетін басудан бас тартып келеді. Газетті басуға келіскен жалғыз баспаханаға 2009 жылы жарияланбаған салық инспекциясы жасалған және «Республика» газетінің көшірмелерін қаржы полициясы және Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті алған.

¹⁸ Жоғарғы Сот ЕҚЫК/ДИАҚБ СБМ-на Жоғарғы Соттың сайлаудың соңғы нәтижелері бойынша барлық дау-дамайларды қарайтын жалғыз сот инстанциясы екендігін мәлімдеді, ал пікір білдірген басқа тұлғалар осындай дау-дамайларға қатысты шағымдар аудандық соттарға жазылуы тиіс деп түсінеді.

¹⁹ Сайлау туралы заңның 20-бабы 1-тармағы сайлау комиссияларының «алқалылық негізінде» жұмыс істеуін талап етеді.

²⁰ ОСК жауабында өзінің іс жүзіндегі қорытындылары туралы жалпы баяндалған, қорытынды жасауға әкелген куәгерлік мәлімдемелерге немесе басқа дәлелдерге сілтеме жасалмаған. Апелляциялық

шешімдері электрондық түрде жалпы жұртшылық назарына ұсынылуын талап етеді, алайда шағымдарды ОСК орган ретінде қарамағандықтан, оларға берілген жауаптар жарияланған жоқ, осылайша шағымдарды қарау процесіндегі ашықтықты азайтты.

ЕҚЫК/ДИАҚБ СБМ-на ТСК деңгейінде түскен сайлауға қатысты түрлі заңбұзушылықтар туралы жалпы саны бес шағым туралы белгілі, бір расталған шағым бойынша ТСК алқалы кеңесусіз шешім қабылдаған.²¹

Ақмола облысындағы аудандық соттарға екі оппозициялық партия екі шағым жазған – сайлаушылар тізімі бойынша қателер туралы бір шағымды қабылдаудан бас тартқан және УСК және ТСК құрудағы заңбұзушылықтар туралы мәлімдеген екінші шағымды қарауды шағым берушілерге шағымдағы қателерін жөндеуге бірнеше күн беріп, шағым жасауда қателерге жол берілуіне байланысты кідірткен.

Көптеген оппозициялық партиялар және азаматтық қоғамдық ұйымдар ЕҚЫК/ДИАҚБ СБМ-на сайлау комиссияларының, соттардың және құқық қорғау органдарының сайлауға қатысты шағымдарды тәуелсіз және әділ түрде қарауға мүмкіндіктеріне сенімдерінің жоқтығын білдірді. Ресми шағым жазу – сайлау дай-дамайларын ашық жариялаудың айқын жолы. Сонымен бірге шағым берушілерде сайлауға қатысты анық және толық іс жүзіндегі заңды дәлел және дәлелдеуші айғақ келтіретін нәтижелі шағымдар дайындауға қажетті дағдылардың жетіспейтіндігін айтуға болады.

VI. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ ҚЫЗМЕТІ

Осы есеп беру мерзімі ішінде ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ өзінің жүйелі қызметін жалғастырды, мемлекеттік қызметкерлермен, партиялардың өкілдерімен, кандидаттармен, сайлау комиссиялары мүшелерімен, сот қызметкерлерімен, бұқаралық ақпарат құралдары және азаматтық қоғам өкілдерімен және дипломатиялық миссиялармен кездесулер өткізді. Елдің барлық аймақтарына жолданған Ұзақ мерзімді бақылаушылар ел аймақтарындағы сайлауға дайындықты және сайлауалды үгіт шараларын бақылауды жалғастыруда және қысқа мерзімді бақылаушыларды, соның ішінде ЕҚЫҰ-нан және Еуропа Кеңесі Парламентінен жолданатын бақылаушыларды орналастыруға дайындық жасауда.

шағымды шағым беруші Астана қаласының Ауданаралық экономикалық сотына қателесіп жазған, шағым осы сотта шешімін күтуде.

²¹ ЕҚЫК/ДИАҚБ СБМ ҰМБ Қостанай қаласындағы ТСК отырысына қатысты, онда ТСК төрағасы екі шағымды қарады, онда ТСК-ның дауыс беру арқылы қабылданатын шешімі шығарылған жоқ.